

ҚРҰБ Төрағасының «Әлеуметтік-экономикалық даму және 2021 жылғы қаңтардағы республикалық бюджетті орындау қорытындылары туралы» ҚР Үкіметі отырысындағы баяндамасы
Нұр-Сұлтан қ., 2021 жылғы 16 ақпан

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Құрметті әріптестер!

Коронавирусқа қарсы вакцина егудің басталуына байланысты оптимизмге қарамастан, 2021 жылдың алғашқы айында әлі де жоғары белгісіздік сақталды. Вирустың жаңа штаммының таралуы және бірқатар елдерде вакциналық протекционизмнің күшеюі әлемдік экономиканың қалпына келу қарқынын тежеуде.

СЫРТҚЫ НАРЫҚТАРДАҒЫ АХУАЛ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК

Вакциналардың өндірісі мен бөлінуі біркелкі жүргізілмеуде. Вакцинация қарқыны бойынша Израиль алдыңғы қатардағы ел болып табылуда, онда халықтың **41,6%-і** вакцинаның бір және одан да көп дозасын алды, ал әлемнің ірі экономикаларында вакцинация деңгейі айтарлықтай төмен: Ұлыбританияда – **20,2%**, Америка құрама штаттарында (АҚШ) - **10,9%**, Еуроодақта (ЕО) - **2,9%**. Көптеген дамушы елдер әлі **вакцина егуді бастаған жоқ.**

Халықаралық сарапшылардың болжамы бойынша вакцинацияның қазіргі қарқыны кезінде әлем халқының **75%-ін** қамту және қалыпты өмірге қайтару үшін **7** жылдан астам уақыт қажет болады.

Биылғы жылғы қаңтарда пандемияның қайта өршуінен және вакциналарды таратудың кешігуінен экономиканың

баяулауы мүмкін деген алаңдаушылыққа байланысты жаһандық қор нарықтары төмендеді.

АҚШ-тағы нарықтар бірқатар компаниялар бойынша кәсіби емес трейдерлердің алыпсатарлық мәмілелеріне байланысты қосымша қысымға ұшырады, бұл құбылмалылық индексінің **22-ден 33%-ке** дейін **11** проценттік тармаққа өсуіне әкелді.

Осының аясында АҚШ доллары нығайды, бұл АҚШ-тың мемлекеттік бағалы қағаздары (МБҚ) кірістілігінің өсуімен бірге **алтын** бағасының төмендеуіне алып келді.

Шектеу шараларын қатаңдату жағдайында іскерлік белсенділіктің жаһандық индексі биылғы жылғы қаңтарда **52,3** тармаққа дейін, оның ішінде өндіріс пен жаңа тапсырыстар өсуінің баяулауы нәтижесінде **Еуроодақта – 48,7-ге** дейін, **Қытайда – 51,5-ке** дейін төмендеді.

Біркелкі емес және баяу вакцинация, жеткізу мен өндірудегі қиындықтар, **жаңа штаммдардың** пайда болуы және үнемі енгізілетін **шектеулер** 2021 жылы **жаһандық сұраныстың** өсуін тежейтін болады.

Қазақстанда іскерлік белсенділік **өнеркәсіптегі** іскерлік белсенділіктің баяулауы және **қызмет көрсету** саласындағы іскерлік белсенділіктің баяулауы есебінен **49,0** тармақтан **48,4** тармаққа дейін екі ай қатарынан төмендеді. **Құрылыс** оң көрсеткішке шықты.

Ұлттық Банк 2020 жылғы 4-ші тоқсанда кәсіпорындарға жүргізген мониторинг инвестициялық белсенділік пен өндіріс

көлемінің төмендеуіне байланысты нақты сектордағы экономикалық белсенділіктің төмен қарқынының сақталуын көрсетуде. Сонымен бірге сұраныстың қалпына келуі және дайын өнім бағасын өсірудің жылдамдауы, кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуі байқалады. Композиттік озық индикатор нақты секторда экономикалық белсенділіктің біртіндеп қалпына келу белгілерінің пайда болуын көрсетуде. Биылғы жылғы 1-ші тоқсанда кәсіпорындар экономикалық белсенділіктің әлсіз өсуін күтуде.

ИНФЛЯЦИЯ

Биылғы жылғы қаңтарда **жылдық инфляция 7,4%-ке** дейін баяулады. **Азық-түлік инфляциясы** бағаның жалпы өсуіне үлкен үлес қосуда. **Азық-түлік тауарлары** бағасының жылдық өсуі жекелеген тауар нарықтарында теңгерімсіздіктің сақталуы аясында 2020 жылғы желтоқсандағы **11,3%-тен** биылғы жылғы қаңтарда **11,4%-ке** дейін жылдамдады.

Инфляцияның азық-түлікке жатпайтын және сервистік компонентінің серпіні әлсіз тұтынушылық сұраныс аясында салыстырмалы түрде тұрақты болып қалуда. **Азық-түлікке жатпайтын инфляция 5,5%-тен 5,3%-ке** дейін, **ақылы қызметтер инфляциясы 4,2%-тен 4,1%-ке** дейін баяулады.

Азық-түлік инфляциясының 2020 жылғы қарашадан бастап жылдамдауына байланысты Үкімет пен жергілікті атқарушы органдарға бағасы барынша сезімтал тамақ өнімдеріне (өсімдік майы, қант, жұмыртқа) бағаның өсуіне ерекше көңіл бөлу қажет.

ӨҢІРЛЕРДЕГІ ИНФЛЯЦИЯ

Өңірлер бойынша инфляция елеулі сәйкессіздіктерді көрсетуде. Мәселен, Маңғыстау облысында (8,7%) ол республикалық деңгейден **1,3 проценттік тармаққа**, Қарағанды облысында (7,8%) және Нұр-Сұлтан қаласында (7,8%) **0,4 проценттік тармаққа** асып түсті.

Жалпы республика бойынша **11,4%** деңгейінде болғанда **12%-тен** жоғары **азық-түлік инфляциясы** Қарағанды облысында (12,7%), Атырау облысында (12,2%), Павлодар облысында (12,1%) тіркелді. **Азық-түлікке жатпайтын инфляция** бойынша елде **5,3%** болғанда Маңғыстау облысы **6,9%-пен** алдыңғы қатарға шықты. Жалпы республика бойынша инфляция **4,1%** болған кезде **5%-тен** жоғары **ақылы қызметтер инфляциясы** Маңғыстау облысында (6,6%), Нұр-Сұлтан қаласында (5,3%), Ақтөбе облысында (5,2%) тіркелді.

АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫ

Биылғы жылғы ақпан-наурызда мұнай өндіруді қысқарту туралы ОПЕК+ шешімінің есебінен биылғы жылғы қаңтарда мұнай бағасының өсуі орын алды. Баға өсуінің оң серпіні ақпанда да жалғасып, мұнай бағасы бір баррель үшін **63,3 АҚШ долларына** жетті.

Мұнай бағасының өскенімен АҚШ долларының өсуі себебінен дамушы елдер валюталарының әлсіреуі орын алды. Нәтижесінде қаңтарда Бразилия реалы **5,4%-ке**, Мексика песосы – **3,3%-ке**, Оңтүстік Африка ранды мен Ресей рублі -

3,2%-ке әлсіреді, теңге бір АҚШ доллары үшін **424,21** теңгеге дейін **0,8%-ке** әлсіреді.

Республикалық бюджетке трансферттер бөлу, квазимемлекеттік сектор компанияларының **экспорттық валюта түсімінің бір бөлігін сатуы** шеңберінде **Ұлттық қор активтерін конвертациялау** теңге бағамына оң әсерін тигізді.

Биржадағы сауда-саттық қорытындысы бойынша биылғы жылғы 15 ақпанда теңге бағамы бір АҚШ доллары үшін **416,92** теңге болып, ай басынан бастап **1,7%-ке** нығайды.

ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

Алдын ала деректер бойынша төлем балансының **ағымдағы шоты** біздің болжамымызға сәйкес келіп, 2020 жылы **-5,9 млрд. АҚШ доллары** тапшылығымен қалыптасты, бұл шетелдік инвесторларға төленетін кірістің қысқаруына байланысты 2019 жылғы тапшылықтан **1,3 млрд. АҚШ долларына** аз.

Ағымдағы шот тапшылығының негізгі себебі мұнай және газ конденсаты экспортының қысқаруы есебінен тауарлар экспортының төмендеуі болып табылады. Тауарлар **импортының** төмендеуі бірқалыпты және инвестициялық және аралық тауарларды әкелудің қысқаруына байланысты болды.

ҰЛТТЫҚ ҚОР

Ұлттық қордың активтері осы жылдың басынан бастап **1 млрд. АҚШ долларына** мына себептер бойынша төмендеп, биылғы жылғы қаңтардың соңында **57,7 млрд. АҚШ долларын** құрады:

– Ұлттық қорға **түсімдер 43 млрд.** теңге, оның ішінде валюталық түсімдер **56,2 млн.** АҚШ доллары немесе теңге баламасында **24 млрд.** болды;

– жыл басынан бастап **381 млрд.** теңгеге (**900 млн.** доллар) нысаналы және кепілдендірілген трансферттер бөлуді қамтамасыз ету үшін **720 млн.** доллар **сатылды**;

– инвесторлардың тәуекелге бару деңгейінің төмендеуіне байланысты биылғы жылғы қаңтарда MSCI World акциялар индексінің төмендеуі **-1%** болды. Ұлттық қордың сол кезеңдегі инвестициялық кірісі **(-)340 млн.** АҚШ доллары немесе **-0,59%** болды.

Қаңтарда қор нарықтарындағы құбылмалылық **экономиканың біркелкі қалпына келмеуіне**, сондай-ақ кәсіби емес инвесторлардың сауда платформаларындағы белсенділігі аясында шығыны көп компаниялар акцияларының шарықтауына байланысты **күшейе түсті**.

Бұл ретте ақпанның басында акциялар нарығының қалпына келуі байқалды, биылғы жылғы ақпанның алғашқы 2 аптасында Ұлттық қордың инвестициялық кірісі биылғы жылғы қаңтардағы құлдырауды өтеп, **800 млн.** АҚШ долларын құрады.

АЛТЫНВАЛЮТА АКТИВТЕРІ

Алтынвалюта резервтері өзгермей, биылғы жылғы қаңтардың соңында алдын ала деректер бойынша **35,6 млрд.** АҚШ доллары болды. Алтын бағасының төмендеуі нәтижесінде **алтын портфелінің** төмендеуі **еркін**

конвертацияланатын валютадағы активтердің өсуімен теңестірілді.

Шетел валютасындағы активтер **мемлекеттік қарызды төлеумен**, сондай-ақ екінші деңгейдегі бір банктің **500 млн. АҚШ долларына** валюталық облигацияларын өтеу міндеттемелерін орындауына байланысты болған **Қазақстан Ұлттық Банкіндегі шоттардан екінші деңгейдегі банктер қаражатының әкетілуімен** ішінара реттелген **Азия Даму Банкі (АДБ) қарызынан** қаражаттың келуі есебінен өсті.

Жалпы халықаралық резервтер жыл басынан бастап **1 млрд. АҚШ долларына** төмендеп, **93,3 млрд. АҚШ долларын** құрады.

БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ

Зейнетақы активтері 2021 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша жыл басынан бастап **213,9 млрд. теңгеге** немесе **1,7%-ке** ұлғайып, **13,1 трлн. теңге** болды.

Биылғы жылдың басынан бастап **есептелген** инвестициялық кіріс мөлшері **178,5 млрд. теңге**, зейнетақы жарналарының көлемі **88,8 млрд. теңге** болды.

2021 жылғы қаңтарда инфляция **0,6%** болған кезде **1,4%** мөлшеріндегі **кірістілік** қамтамасыз етілді. Соңғы 12 айда зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляция деңгейі **7,4%** болған кезде **12,1%** болды.

Нақты кірістілік инвестициялық қызмет, сондай-ақ валюта портфелін **нарықтық және бағамдық** қайта бағалау нәтижесінде қамтамасыз етілді, оның үлесі елдер мен эмитенттер бойынша инвестициялар географиясын кеңейту, портфельдің сапасы мен өтімділігін арттыру үшін

кезең-кезеңімен ұлғайтылып, **30%** деңгейінде сақталуда.

Қаражатты **мерзімінен бұрын алу** бойынша салымшылар алдындағы міндеттемелерді **уақтылы** орындау мақсатында Ұлттық Банк зейнетақы активтері портфелінің **ағымдағы өтімділігін** қолдауда, оның деңгейі биылғы жылғы 1 ақпанда **446,8 млрд.** теңге болды.

АЗАМАТТАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ПАЙДАЛАНУЫ

Биылғы жылғы қаңтарда ақпараттық жүйелерді интеграциялауға байланысты дайындық жұмысы аяқталған соң Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) азаматтардың зейнетақы жинақтарының бір бөлігін алуға арналған өтінімдерін қабылдай бастады.

Биылғы жылғы **12 ақпандағы** жағдай бойынша **1 855,9** млрд. теңге сомасына **115 608** өтінім қабылданды. Оның ішінде **423,6 млрд.** теңге сомасына **78 074** өтінім өңдеуге қабылданып, мақұлданды.

Биылғы жылғы 12 ақпанда БЖЗҚ **408,2 млрд.** теңге сомасына **75 186** өтінім бойынша біржолғы зейнетақы төлемдерін **аударды**. Азаматтар алынған жинақтардың **87%-ін** тұрғын үй мәселелерін шешуге, оның **45,5%-ін** - тұрғын үй сатып алуға (ипотекасыз); **28,3%-ін** - ипотекалық қарыз бойынша берешекті өтеуге; **10,5%-ін** екінші деңгейдегі банктерге бастапқы жарна үшін және Отбасы банкінде ипотека алуға; **2,3%-ін** жеке тұрғын үй құрылысын (ЖТҚ) салуға, ипотеканы қайта қаржыландыруға, сатып алу құқығымен жалдау шарты бойынша берешекті өтеуге және өзге де

мақсаттарға жұмсауға ниеттенеді.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ БАСТАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Экономиканы қолдау үшін Мемлекет басшысының дағдарысқа қарсы бастамаларын іске асыру жалғасуда.

1. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша биылғы жылғы 12 ақпандағы жағдай бойынша кәсіпкерлерден **1,1 трлн.** теңгеге жуық сомаға **1 410** өтінім келіп түсті, оның ішінде банктер **731,5 млрд.** теңгеге **889 өтінімді** мақұлдады, **552 млрд.** теңге сомасына **810 қарыз** берілді.

2. Кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы бойынша биылғы жылғы 12 ақпанда кәсіпкерлер **672,3 млрд.** теңгеге **2 632** өтінім берді, оның ішінде **526,2 млрд.** теңгеге **1 844** өтінім мақұлданды, **596,3 млрд.** теңгеге **5 879** қарыз берілді, оның ішінде **138,5 млрд.** теңгеге **2 479** қарыз бұрын берілген қарыздарды өтеуден түскен ақша есебінен берілді.